

Бежина Виктория Валерьевна* – PhD, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, доцент кафедры иностранных языков, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, ул. Темирбаева, д. 39, кв. 284; тел.: +77070411856; e-mail: vukvuk85@mail.ru.

Бакирова Жамиля Махсудовна – магистр педагогических наук, преподаватель кафедры иностранных языков, Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфуллина, Республика Казахстан, 010011, г. Астана, ул. пр. Женис 62 тел: +77788249111, e-mail: bakirovazhamilya86@gmail.com.

Иванова Елена Сергеевна – магистр педагогических наук, заведующая кафедрой иностранных языков, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, ул. Кубеева, д. 12, кв. 3; тел.: +77777418498; e-mail: helenao51289@mail.ru.

Асанова Асель Бегежанқызы – гуманитарлық ғылымдар магистрі, шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қ., Высокая көш., 3 үй, 1 пәтер; тел.: +77015560280; e-mail: assel_kst@mail.ru.

Бежина Виктория Валерьевна* – PhD, педагогика ғылымдарының кандидаты, шетел тілдері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қ., Темірбаев көш., 39 үй, 284 пәтер; тел.: +7 707 041 1856; e-mail: vukvuk85@mail.ru.

Бақырова Жамиля Махсұдовна – педагогика ғылымдарының магистрі, шетел тілдері кафедрасының оқытушысы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Қазақстан Республикасы, 010011 Астана қ, Жеңіс көш. 62 тел: +77788249111, e-mail: bakirovazhamilya86@gmail.com.

Иванова Елена Сергеевна – педагогика ғылымдарының магистрі, шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қ., Кубеев көш., 12 үй, 3 пәтер; тел.: +77777418498, e-mail: helenao51289@mail.ru.

Assanova Assel Begezhanovna – Master of Humanities, Senior Lecturer of the Department of foreign languages, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 3 Vysokaya Str., apt. 1, tel.: +77015560280, e-mail: assel_kst@mail.ru.

Bezghina Viktoriya Valeriyevna* – PhD, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of foreign languages, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 39 Temirbayev Str., apt. 284, tel.: +77070411856, e-mail: vukvuk85@mail.ru.

Bakirova Zhamilya Makhsudovna – Master of Pedagogical Sciences, lecturer of the Department of foreign languages, S.Seifullin Kazakh Agrotechnical Research university, Republic of Kazakhstan, Astana city, 62 Zhenis Ave., tel: +77788249111, e-mail: bakirovazhamilya86@gmail.com.

Ivanova Yelena Sergeyevna – Master of Pedagogical Sciences, Head of the Department of foreign languages, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 12 Kubeev Str., apt. 3, tel.: +77777418498, e-mail: helenao51289@mail.ru.

XFTAP 14.35.07

ӨОЖ 37.032.378

<https://doi.org/10.52269/NTDG254254>

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ДАМУЫ

Байболова Д.Т.* – докторант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы.

Бекжанова Б.Ж. – PhD, педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі білім беру бағдарламасының жетекшісі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы.

Сапарқызы Ж. – PhD, педагогика және дәстүрлі өнер институты директорының орынбасары, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы.

Айдалиева Н.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, мектепке дейінгі және бастауыш-та білім беру кафедрасының профессор ассистенті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада болашақ бастауыш білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруда эмоционалды интеллекттің рөлі жан-жақты талданады. Эмоционалды интеллекттің (ЭИ) құрылымдық компоненттері, олардың кәсіби тиімділікпен байланысы және педагогтің кәсіби қызметіндегі мәні анықталады. Зерттеу барысында Н. Холл сауалнамасы қолданылып, білім алушылардың ЭИ деңгейі мен компоненттері сандық-статистикалық әдістер арқылы талданды. Аталмыш әдіс арқылы эмоционалды хабардарлық, эмоцияларды басқару, өзін-өзі ынталандыру, эмпатия және басқа адамдардың эмоцияларын тану сияқты бес негізгі компонент анықталады. Зерттеу нәтижелері бойынша қатысушылардың 55,2%-ы төмен эмоционалды интеллект деңгейін көрсеткені, ал тек 15,5%-ының жоғары деңгейге ие екені анықталды. Эмоцияларды басқару мен эмпатия секілді компоненттерде ең төмен нәтижелер байқалған, бұл болашақ педагогтердің эмоционалды және кәсіби дағдыларын дамыту қажеттігін көрсетеді. Эмоционалды интеллекттің дамуы әсіресе бастауыш сынып мұғалімдері үшін ерекше маңызды екендігі атап өтілді. Өйткені олар оқушылардың эмоционалды сауаттылығын қалыптастырып, сыныпта жағымды әрі қолайлы атмосфера жасайды. Мақалада эмоционалды интеллект дағдыларын дамыту болашақ педагогтардың стресске қарсы тұру қабілетін арттырып, кәсіби және жеке өмірде тиімділігін жоғарылататыны айқындалды. Сонымен қатар, эмоционалды интеллектті дамытуға бағытталған арнайы тренингтер мен әдістемелерді енгізу қажеттілігі баса айтылған. Бұл дағдыларды дамыту білім беру процесінің жалпы сапасын жақсартуға, сондай-ақ мектептегі эмоционалды климатқа оң ықпал етеді.

Түйінді сөздер: эмоционалды интеллект, эмоционалды күйлер, эмоционалды құзыреттілік, өзін-өзі реттеу, эмпатия, өзін – өзі басқару.

РАЗВИТИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА КАК ОСНОВЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ НАЧАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Байболова Д.Т.* – докторант, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Республика Казахстан.

Бекжанова Б.Ж. – PhD, руководитель образовательной программы «Педагогика, психология и методика начального обучения», Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Республика Казахстан.

Сапарқызы Ж. – PhD, заместитель директора института педагогики и традиционного искусства, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Республика Казахстан.

Айдналиева Н.А. – кандидат педагогических наук, ассистент профессора кафедры дошкольного и начального образования, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

В статье всесторонне анализируется роль эмоционального интеллекта в повышении профессиональной компетентности будущих педагогов начального образования. Определяются структурные компоненты эмоционального интеллекта (ЭИ), их связь с профессиональной эффективностью и значение в профессиональной деятельности педагога. В ходе исследования использовался опросник Н. Холла, в котором анализировались уровень и компоненты ЭИ обучающихся с помощью количественно-статистических методов. Этот метод выделяет пять ключевых компонентов: эмоциональная осведомленность, управление эмоциями, само-мотивация, эмпатия и распознавание эмоций других людей. Результаты опроса показали, что 55,2% участников продемонстрировали низкий уровень ЭИ, и только 15,5% показали высокий уровень. Наиболее низкие результаты были отмечены в таких компонентах, как управление эмоциями и эмпатия, что указывает на необходимость развития эмоциональных и профессиональных навыков у будущих педагогов. Развитие ЭИ особенно важно для учителей начальных классов, так как они формируют эмоциональную грамотность учеников и создают благоприятную атмосферу в классе. В статье отмечено, что развитие навыков ЭИ повышает устойчивость к стрессу и увеличивает эффективность как в профессиональной, так и в личной жизни. Также подчеркивается необходимость внедрения специальных тренингов и методик для развития ЭИ, которые положительно влияют на образовательный процесс и эмоциональный климат в школе.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, эмоциональные состояния, эмоциональная компетентность, саморегуляция, эмпатия, самоуправление.

DEVELOPMENT OF EMOTIONAL INTELLIGENCE AS THE BASIS OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF FUTURE PRIMARY EDUCATION TEACHERS

Baibolova D.T.* – PhD student, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan.

Bekzhanova B.Zh. – PhD, Head of the "Pedagogy, psychology and methods of primary education" educational program, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan.

Saparkyzy Zh. – PhD, Deputy Director of the Institute of Pedagogy and Traditional Arts, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan.

Aidnaliyeva N.A. – Candidate of Pedagogical Sciences, Assistant professor of the Department of preschool and primary education, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

The article analyzes in detail the role of emotional intelligence in improving the professional competence of future primary education teachers. The structural components of emotional intelligence (EI), their relationship with professional effectiveness and significance in the professional activity of a teacher are determined. In the course of the study, the N. Hall questionnaire was used, the level and components of students' EI were analyzed using quantitative and statistical methods. This method identifies five key components: emotional awareness, emotion management, self-motivation, empathy, and recognizing others' emotions. Survey results showed that 55.2% of participants demonstrated low EI levels, while only 15.5% displayed high levels. The lowest results were observed in emotion management and empathy, indicating the need for developing emotional and professional skills in future teachers. The development of EI is particularly important for primary school teachers, as they help to shape students' emotional literacy and create a positive atmosphere in the classroom. The article highlights that developing EI skills enhances resilience to stress and improves effectiveness in both professional and personal life. Furthermore, the need for special training and methodologies aimed at developing EI is emphasized, as these skills positively influence the educational process and improve the emotional climate in schools.

Key words: emotional intelligence, emotional states, emotional competence, self-regulation, empathy, self-management.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде педагогтің кәсіби құзыреттілігі ерекше мәнге ие. Педагог тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар оқушылардың эмоционалды, тұлғалық, әлеуметтік дамуын қолдаушы тұлға болып табылады. Осы тұрғыдан эмоционалды интеллект (ЭИ) педагог қызметінің табыстылығына тікелей ықпал ететін маңызды психологиялық құрылым ретінде қарастырылады.

ЭИ – адамның өз эмоцияларын және айналасындағы адамдардың эмоцияларын тану, түсіну, басқару қабілеті. Бұл қабілеттер мұғалімнің педагогикалық жағдайларды дұрыс бағалауы, стресс жағдайында өзін-өзі реттеу, оқушылармен тиімді қарым-қатынас орнатуы үшін қажет. Эмоционалды интеллект деңгейі жоғары педагогтер оқу үдерісінің эмоционалдық климатын жақсартып, балалардың әлеуметтік дағдыларын да дамытуға үлес қосады.

Педагогикалық жұмыс жиі күрделі жағдайлармен және түрлі эмоционалды жауаптарды талап ететін факторлармен толы. Сондықтан мұғалімнің эмоционалды тепе-теңдігі мен өзін-өзі басқару қабілеті оның кәсіби қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ғылыми тұжырымдамаға сәйкес, эмоционалды интеллект – бұл адамның өз эмоциялары мен айналасындағы адамдардың эмоциялары арқылы алынған ақпаратты өңдеу қабілеті. Бұл модельдің авторлары эмоционалды интеллектті (ЭИ) дәстүрлі интеллект аспектілеріне жақын, анық және өлшенетін қабілет ретінде қарастырады. Эмоциялардағы ақпаратты өңдеу, олардың мағынасын, бір-бірімен байланысын анықтау және осы ақпаратты ойлау мен шешім қабылдауға негіз ретінде пайдалану қабілеті [1,10 б].

Зерттеудің мақсаты – болашақ бастауыш білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда эмоционалды интеллекттің теориялық негіздерін айқындау және оның деңгейін бағалау негізінде ЭИ-ді дамытуға бағытталған педагогикалық шарттарды анықтау. **Зерттеудің келесі міндеттері анықталды:**

- Эмоционалды интеллекттің теориялық негіздерін талдау, оның құрылымдық компоненттерін (эмоционалды хабардарлық, эмоцияларды басқару, өзін-өзі ынталандыру, эмпатия, басқа эмоцияларды тану) ашып көрсету.

- Болашақ бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби құзыреттілігі құрылымында эмоционалды интеллекттің рөлін айқындау, оның кәсіби тиімділікке, коммуникацияға, стресске төзімділікке әсерін анықтау. Эмоционалды интеллект деңгейін диагностикалау әдістерін зерделеу және зерттеу үшін Н. Холл әдістемесін негіздеу.

- Болашақ педагогтердің эмоционалды интеллект деңгейін эмпирикалық тұрғыда анықтау, оның жеке компоненттері бойынша көрсеткіштерін статистикалық талдау. Болашақ педагогтердің эмоционалды интеллектін арттыруға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелік ұсыныстар әзірлеу, олардың тиімділігін бағалау.

Материалдар және әдістер. Көп жағдайда эмоционалды интеллектке тиісті назар аударылмайды, себебі басымдық интеллектуалдық және кәсіби дағдыларға беріледі. Алайда эмоционалдық салаға жеткілікті көңіл бөлмеуі эмоционалды күйзеліс, депрессия, прокрастинация және мазасыздық сынды тепе-теңдіктің бұзылуына және жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.

Эмоционалды күйзеліс – бұл ұзақ уақыттық стресс пен қысым салдарынан туындайтын физикалық, эмоционалды және ақыл-ойдың шаршауы. Ол адамдармен тұрақты қарым-қатынасты талап ететін мамандықтарда жиі кездеседі (мысалы, мұғалімдер, дәрігерлер, психологтар). Егер адам өз

эмоцияларын басқара алмай, жиналған стрессті уақытында реттемесе, бұл созылмалы шаршауға, өнімділіктің төмендеуіне және мотивацияның жоғалуына әкеледі. Уақыт өте келе, адам жұмысқа немқұрайлы қарай бастайды, бұл оның кәсіби және жеке өміріне әсер етеді.

Эмоционалды сана мен эмоцияларды басқару қабілетінің болмауы депрессиялық күйлердің пайда болуына себеп болуы мүмкін. Өз эмоцияларын тани алмайтын және реттей алмайтын адам көбінесе негативті ойлар мен сезімдерге батып қалады, бұл дәрменсіздік пен үмітсіздік сезімдерін күшейтеді. Өзін-өзі реттеу дағдыларының жоқтығы жағдайында адам негативті сезімдермен қалай күресу керектігін түсінбеуі мүмкін, бұл оның психоэмоционалдық күйінің нашарлауына алып келеді. Ал депрессия, өз кезегінде, жалпы өмірлік белсенділікке әсер етіп, адамның белсенділік деңгейін, өмірге деген қызығушылығын және иммундық жүйенің жұмысын төмендетеді [2, 406 б].

Зерттеуде келесі әдістер қолданылды:

- эмоционалды интеллект жөніндегі ғылыми әдебиеттерге талдау;
- Н. Холл сауалнамасы арқылы ЭИ деңгейін эмпирикалық анықтау;
- мәліметтерді статистикалық өңдеу (нормалдықты тексеру, сипаттамалық статистика, ANOVA, корреляциялық талдау).

Прокрастинация, яғни істерді кейінге қалдыру, эмоционалды интеллекттің жетіспеушілігімен де байланысты болуы мүмкін. Адам сәтсіздіктен қорқу, мазасыздық немесе өзіне деген сенімсіздік сияқты сезімдерін дұрыс түсіне алмаған кезде, ол оған стресс туғызатын тапсырмаларды орындаудан қашады. Осы эмоциялармен күресуге қабілетсіздік прокрастинация цикліне әкеледі, мұнда адам маңызды істерді кейінге қалдырып, кінә мен стресс сезімдерін күшейтеді. Уақыт өте келе бұл әдетке айналып, адамның кәсіби және жеке өміріне теріс әсер етеді.

Эмоционалды аспектілерді елемей адамға мазасыздық күйлерімен күресуге және олардың себептерін түсінуге мүмкіндік бермейді. Белгісіздік пен стрессте үнемі болу созылмалы мазасыздықтың дамуына, кейіннен генерализделген мазасыздық бұзылысына әкеледі. Қорқыныш пен алаңдаушылық сияқты эмоциялардың сыртқа шықпай, жиналып қалуы жүйке кернеуінің жоғарылауына әкеледі. Нәтижесінде адамда ұйқының бұзылуы, назар аудару қабілетінің төмендеуі және созылмалы мазасыздық сияқты белгілер пайда болып, бұл өмір сапасына және жұмыс өнімділігіне әсер етеді.

Эмоционалды аспектілерді елемей және эмоционалды күйді басқару қабілетінің болмауы күрделі психоэмоционалдық бұзылыстардың даму қаупін арттырады. Сондықтан эмоционалдық салаға жеткіліксіз көңіл бөлу және оның маңыздылығын елемей адамның психологиялық және физикалық жағдайына айтарлықтай кері әсер етуі мүмкін. Зерттеулер көрсеткендей, эмоционалды интеллект пен өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту жалпы әл-ауқатты жақсартып, стресске төзімділікті арттыруға және психоэмоционалдық бұзылыстардың қаупін азайтуға ықпал етеді.

Эмоцияларды басқару қабілетін дамыту білім беру саласында ерекше маңызды. Кейбір зерттеулерге сәйкес, жас педагогтердің 60%-ы кәсіби қызметінде мазасыздықты сезінеді [3, 10 б]. Олардың негізгі қиындықтары коммуникациялық және эмоционалдық аспектілермен байланысты, соның ішінде оқушылармен, ата-аналармен және әкімшілікпен өзара әрекеттесу кезіндегі қиындықтар, сондай-ақ шиеленіс пен өзіне сенімсіздік сияқты жағымсыз эмоционалды күйлердің басымдығы.

Эмоцияларды басқару қабілетін дамыту білім беру саласында өте өзекті, себебі педагогикалық қызмет тек кәсіби білімді ғана емес, сонымен қатар жоғары деңгейдегі коммуникациялық және эмоционалдық дағдыларды да талап етеді. Жас мұғалімдер көбінесе олардың тиімділігі мен әл-ауқатына әсер етуі мүмкін эмоционалдық сынақтарға тап болады. Келесіде негізгі қиындықтар мен олардың педагогтарға әсерін егжей-тегжейлі қарастырайық.

Жас педагогтар оқушылармен, ата-аналармен және мектеп әкімшілігімен қарым-қатынас орнатуға мәжбүр. Бұл топтардың әрқайсысы өз талаптары мен үміттерін қояды, бұл көбінесе стресстің көзіне айналады.

Мұғалімдер әр оқушының жеке ерекшеліктері мен эмоционалды жағдайларын ескере отырып, оларға дұрыс тәсіл табуы керек. Бұл жоғары деңгейдегі эмпатия мен өз эмоцияларын басқару қабілетін талап етеді, әсіресе күрделі жағдайларда, мысалы, қақтығыстар немесе тәртіптік мәселелер кезінде. Эмоционалды интеллект дағдыларының жетіспеушілігі сенімді қарым-қатынас орнатуға және оқушылардың оқу мотивациясын төмендетуге алып келуі мүмкін.

Ата-аналармен жұмыс істеу де жиі стресске толы, себебі олардың талаптарын ескеру қажет. Жас педагог ата-аналардың сынына немесе тіпті агрессиясына тап болуы мүмкін, бұл мазасыздық пен сенімсіздік сезімдерін күшейтеді. Эмоцияларын басқара білу және осындай жағдайларда сабырлы болу педагогке кәсібилікті сақтап, конструктивті шешімдер табуға көмектеседі [4, 314 б].

Мектеп әкімшілігі мұғалімнің кәсіби өмірінде маңызды рөл атқарады, ал басшылықпен қарым-қатынас та шиеленіс көзі болуы мүмкін. Жас педагогтар үшін басшылықпен тиімді қарым-қатынас орнату, әсіресе, олар жеткілікті қолдау сезінбесе немесе шамадан тыс талаптарға тап болса, қиынға соғуы мүмкін.

Педагогикалық тәжірибеде жас мамандар жиі шиеленіс, мазасыздық және өзіне деген сенімсіздік сияқты жағымсыз эмоционалды күйлерді бастан кешіреді. Бұл жағдайлар бірқатар себептерден туындауы мүмкін: тәжірибенің және кәсіби дайындықтың жетіспеушілігінен бастап қателіктер мен сәтсіздіктерден қорқуға дейін.

Үнемі шиеленіс сезімі сыныпта тез шешім қабылдау, жағдайды бақылауда ұстау және бір уақытта оқу тапсырмаларын орындауды қадағалау қажеттілігімен байланысты. Жас мұғалімдер жиі демалуға және қалпына келуге уақыт таппайды, бұл эмоционалдық шаршауға және созылмалы стресске әкеледі.

Мазасыздық сезімі көбінесе олардың қызметінің тексерілуі мен бағалануын күтуге байланысты болады. Жас педагогтар әкімшілік пен ата-аналардың үмітін ақтап жатқан-жатпағандары туралы уайымдайды, бұл да мазасыздықтың өсуіне ықпал етеді. Бұл жағдай олардың балалармен тікелей жұмыс істеуге шоғырлануына кедергі келтіріп, өнімділікті төмендетеді.

Педагогикалық мансаптың бастапқы кезеңінде көптеген мұғалімдер өздерінің кәсіби қасиеттері мен қабілеттеріне күмәнданады. Тәжірибе мен эмоционалды интеллект дағдыларының жеткіліксіздігі оларды сынға ұшырағыш етіп, оқушылар мен әріптестердің алдында бедел қалыптастыруды қиындайтады. Өз-өзіне деген сенімсіздік педагогтарға айналасындағы адамдармен конструктивті және сенімді қарым-қатынас орнатуға кедергі болуы мүмкін.

Эмоционалды интеллектті және эмоцияларды басқару қабілетін дамыту педагогтардың кәсіби өсуінің маңызды аспектісі болып табылады. Бұл дағдыларды үйрену оларға мазасыздықты жеңуге, тиімді коммуникация құруға және эмоционалды жағдайды тұрақты ұстап тұруға көмектеседі, бұл түптеп келгенде олардың кәсіби қызметіне де, білім беру ортасындағы эмоционалды климатқа да оң әсерін тигізеді.

Эмоционалды интеллект – бұл күрделі және көпқырлы ұғым, ол өз эмоцияларын, сондай-ақ басқа адамдардың эмоцияларын түсіну және басқару дағдыларын қамтиды. Бұл қабілеттер сәтті бейімделу, коммуникация, әлеуметтену және стресске төзімділік үшін негіз қалыптастырады, сондықтан эмоционалды интеллект қазіргі заманғы адамның негізгі құзыреттерінің бірі болып табылады. Осыған байланысты эмоционалды жағдайларды басқарудың және эмоционалды интеллект дағдыларын үйренудің маңыздылығын жеткілікті түрде түсінбеу және оларды білім беру үдерісіне интеграциялаудың мәселесі бар.

Эмоционалды интеллекттің маңыздылығына қарамастан, оның құрылымы мен құрамдас бөліктері әлі де нақты анықталмаған. Шамамен 30 жылдан астам уақыт бойы шетелдік П. Саловей, Дж. Мэйер, Д. Карузо және т.б. [5, 185 б] бұл концептіні анықтаумен айналысып келеді. П. Саловей мен Дж. Мэйер алғашқылардың бірі болып эмоционалды интеллектті анықтап, оны адамның өз эмоциялары мен басқалардың эмоцияларын ажырату, түсіну және басқару қабілеті ретінде қарастырды. Ал Д. Гоулмен бұл ұғымды мақсаттарға жету үшін эмоцияларды басқару дағдысы ретінде сипаттады [6].

Утку Бейязит, Йешим Юрдакул және Айнур Бютюн Айхан зерттеулерінде көптеген авторлар эмоционалды интеллект пен эмоционалды интеллект арасындағы мағыналы байланысты атап өтетіндігін жазады. Оларға тұрақты өзін-өзі бағалау, әлеуметтік-эмоционалды құзыреттілік және балалардағы мінез-құлық проблемалары жатады. Бұл нәтижелердің жалпы аспектісі-олар эмоцияларды реттеудің өте күрделі әсер ететінін және жағымсыз жағдайлармен күресу және психоәлеуметтік функционалдылық үшін қажет позитивті қолдау қабілеті тұрғысынан үлкен маңызға ие екенін көрсетеді [4].

Р. Бар-Он эмоционалды интеллекттің бес компонентін бөліп көрсетеді: өзін-өзі тану, тұлғааралық дағдылар, бейімделгіштік, стресс тұрақтылығы және жалпы эмоционалды күй. Бұл компоненттер өз ішінде өзіне деген сенімділік, эмпатия, сынға бейімділік, оптимизм және тағы басқа бірнеше қосымша санаттарға бөлінеді [7].

Эмоционалды интеллект – бұл адамың өз эмоцияларын түсіну және оны басқару, сонымен қатар басқалардың сезімдерін түсіну мен оған ықпал жасау қабілеті [8, 123 б]

Эмоционалды интеллектті дамыту біртіндеп, жас ерекшеліктері мен кәсіби ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Оның негізі балалық шақта қалыптасады. Эмоционалды интеллектті диагностикалау және үйрету үшін уақыт пен кешенді тәсіл қажет.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің эмоционалды интеллектін дамыту ерекше маңызға ие, себебі олар балаларға алғашқы әсер етіп, кіші жастағы оқушылардың негізгі білім беру және әлеуметтік дағдыларын қалыптастырады. Бастауыш сынып мұғалімдері тек академиялық пәндерді ғана оқытпайды, сонымен қатар балалардың мектеп ортасына бейімделуіне, эмоционалдық тұрақтылықты дамытуға және әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Сондықтан осы санаттағы педагогтардың дамыған эмоционалды интеллектке ие болуы бірнеше маңызды аспектілерден тұрады:

Эмоционалды интеллект деңгейі жоғары педагогтер сыныпта балалар өздерін сенімді және жайлы сезінетін қолайлы және қауіпсіз атмосфера құра алады. Олар оқушылардың эмоционалдық күйлерін байқап, оларға қолдау көрсете отырып, әсіресе оқу кезеңінің алғашқы кезеңдерінде маңызды рөл атқарады. Өз эмоцияларын түсініп, басқару қабілеті педагогке шыдамдылық танытып, қиындықтар мен стресстік жағдайларға қарамастан, жағымды көңіл-күйді сақтауға мүмкіндік береді [9, 78 б].

Бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың эмоционалды сауаттылығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Олар балаларға өз эмоцияларын тануға және білдіруге ғана емес, сондай-ақ қорқыныш немесе алаңдаушылық сияқты жағымсыз сезімдермен қалай күресуге болатынын үйретеді. Эмоционалды интеллект деңгейі жоғары мұғалімдер тиімді қарым-қатынас, эмпатия және қақтығыстарды шешу дағдыларын көрсетіп, үлгі болады. Бұл балалардың әлеуметтік және эмоционалды

қабілеттерін дамытуға көмектесіп, олардың өмір бойына пайдалы дағдыларды қалыптастыруына септігін тигізеді.

Болашақ педагогтер үшін балалармен қарым-қатынас орнату ғана емес, ата-аналар мен әріптестерімен конструктивті байланыс құру да маңызды. Бастауыш сынып оқушыларының ата-аналары өз балаларының амандығы мен жетістіктеріне жиі алаңдайды, сондықтан эмоционалды интеллекті дамыған педагог ата-аналармен сенімді қарым-қатынас орнатып, ашықтық пен ынтымақтастықты қолдай алады. Сонымен қатар, эмоционалды құзыреттілік мұғалімдерге әріптестерімен өзара әрекеттесуде көмектесіп, мектепте жағымды және қолдау көрсететін ортаны қалыптастыруға ықпал етеді [10, 44 б].

Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеу мұғалімнен айтарлықтай эмоционалды ресурстарды талап етеді, өйткені ол тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге тәртіпті қадағалап, оқуға деген қызығушылықты қолдап, балаларда туындайтын эмоционалды және мінез-құлық мәселелерін шешуге міндетті. Дамыған эмоционалды интеллект педагогқа эмоционалды тұрақтылық пен шыдамдылықты сақтауға көмектеседі, бұл кәсіби қиындықтарды тиімді шешуге және күйіп кетуден сақтануға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып мұғалімінің маңызды міндеттерінің бірі – оқушылармен сенімді және жақын қарым-қатынас орнату, себебі бастауыш сыныптарда балалар мұғалімге деген эмоционалды байланыс қалыптастырады, бұл олардың оқу процесіне және мектепке деген көзқарасына әсер етеді. Балалардың эмоционалды қажеттіліктерін түсініп, ескере білетін мұғалімдер олармен тезірек байланыс орнатып, өзара құрмет пен сенім атмосферасын қалыптастырады, бұл оқушылардың бейімделуіне және олардың академиялық жетістіктеріне оң ықпал етеді.

Кейбір шетелдік авторлар «Үлкен бестік» тұлғалық қасиеттері бес негізгі сипаттаманы қамтиды: жаңалыққа ашықтық, жауапкершілік, экстраверсия, достық және нейротизм деген тұжырымға келеді. Олар психологиялық капитал (PsyCap) осы тұлғалық қасиеттердің эмоционалды интеллектпен (EIQ) және мұғалімдердің жалпы әл-ауқатымен (TPWB) байланысын толық түсіндіреді. Яғни, тұлғалық қасиеттер эмоционалды интеллект және психологиялық капитал арқылы мұғалімдердің эмоционалды және кәсіби жағдайына әсер етеді деген қорытындыға келген. Бұл қорытындылар педагогтардың өздерін жақсы сезінуі мен олардың жұмыс тиімділігін арттыру жолдарын түсінуге маңызды үлес қосады [11, 3 б].

А. Мынбаева, А. Гумерова сынды отандық зерттеушілер өз еңбектерінде Теорияларды талдау негізінде эмоционалды интеллект дамуының теориялық негіздері жүйеленген [12, 37 б].

Сонымен, болашақ бастауыш сынып педагогтерінің эмоционалды интеллектін дамыту олардың кәсіби дайындығының аса маңызды аспектісі болып табылады. Бұл оқытуға қолайлы жағдайларды жасауды, балалардың әлеуметтік және эмоционалды дағдыларын дамытуды және тұрақты, қолдау көрсететін білім беру ортасын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Бұл құрылымның көзқарастары мен анықтамаларының алуан түрлілігі эмоционалды интеллекттің күрделі табиғатымен және оның құрамындағы компоненттермен түсіндіріледі. Р. Бар-Он эмоционалды интеллектті бес негізгі компонентке бөледі, олардың әрқайсысы қосымша бөліктерге бөлінеді:

1. "Өзін-өзі тану және түсіну": адамның өз эмоцияларын тануы, өзін-өзі сенімді сезінуі, жоғары өзін-өзі бағалау, өзін-өзі түсіну және дербес әрекет ету қабілеті.

2. "Тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары": тиімді қарым-қатынас дағдылары, жанжал жағдайларындағы мінез-құлық, эмпатия, әлеуметтік жауапкершілік.

3. "Бейімделу қабілеті": сыни ойлау, икемділік, шынайы жағдайларды бағалай білу, шешім қабылдау қабілеті.

4. "Стрессті басқару": стресске төзімділік, импульсивтілікті бақылау, өзін-өзі тыныштандыру дағдылары.

5. "Көңіл-күйді басқару": оптимизм және бақыт сезім.

Эмоционалды интеллектті дамыту біртіндеп және уақытылы жүзеге асырылуы керек, әсіресе кәсіби қызметтің жас ерекшеліктері мен салаларын ескере отырып. Бұл дамудың негізі балалық шақта қаланады. Диагностика мен оқыту процесі эмоционалды интеллект құрылымының күрделілігіне байланысты көп уақытты қажет етеді, өйткені әрбір деңгей бірінен соң бірі дамып отырады.

Эмоционалды интеллектті зерттеу мен дамытуда, біздің ойымызша, оқу орындарында білім алушылардың психологиялық және педагогикалық дағдыларды меңгеру процесі маңызды рөл атқарады. Бұл үшін бірнеше маңызды бағытты атап көрсетуге болады:

1. Барлық компоненттер кәсіби құзыреттіліктің құрамына кіреді және оқу қызметінің ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

2. Білім алушылар болашақ маман ретінде өздері оқытатын жастарға тікелей әсер етеді, бұл олардың білім беру процесіне ғана емес, қоғамның дамуына да оң ықпал етеді.

3. Жалпы, эмоционалды интеллектті дамыту білім беру жүйесінде маңызды бағыт болып табылады және оған тиісті көңіл бөлінуі қажет. Бұл дағдыларды игеру студенттерге оқу іс-әрекетінде тиімді болуға көмектеседі.

<i>Өзін-өзі тану және түсіну</i>	адамның өз эмоцияларын тануы, өзін-өзі сенімді сезінуі, жоғары өзін-өзі бағалау, өзін-өзі түсіну және дербес әрекет ету қабілеті
<i>Тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары</i>	тиімді қарым-қатынас дағдылары, жанжал жағдайларындағы мінез-құлық, эмпатия, әлеуметтік жауапкершілік
<i>Бейімделу қабілеті</i>	сыни ойлау, икемділік, шынайы жағдайларды бағалай білу, шешім қабылдау қабілеті
<i>Стресті басқару</i>	стресске төзімділік, импульсивтілікті бақылау, өзін-өзі тыныштандыру дағдылары
<i>Көңіл-күйді басқару</i>	оптимизм және бақыт сезімі

1 сурет – Эмоционалды интеллекттің бес негізгі компоненттері (Р. Бар-Он)

4. С.П. Садуованың пікірінше, оқушылардың эмоционалды жағдайы олардың оқу жетістіктерін анықтайды [13, 32 б]. М.А. Алексееваның зерттеулері де кәсіби қызметке қанағаттану үшін эмоционалды интеллект деңгейінің маңыздылығын көрсетті. Эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі бар студенттер өз мамандықтарына қызығушылық танытып, өзін-өзі ынталандырып, жұмыста жақсы нәтижелерге қол жеткізеді деген қорытынды жасалды [14, 282 б].

Нәтижелер мен талқылаулар. Қойылған мақсаттарға жету үшін келесі әдістер таңдалды: эмоционалды интеллект саласындағы ғылыми әдебиеттер мен соңғы зерттеу деректерін талдау және жинақтау, тестілеу, сауалнамалар жүргізу, сондай-ақ мәліметтерді статистикалық өңдеу әдістері.

Н. Холл әдістемесі 30 тұжырымнан тұрады. Жауаптар Ликерттің 6 балдық шкаласы бойынша беріледі. Нәтижелер бес субкомпонент бойынша есептеледі:

1. Эмоционалды хабардарлық
2. Эмоцияларды басқару
3. Өзін-өзі ынталандыру
4. Эмпатия
5. Басқа адамдардың эмоцияларын тану

Келесі кезекте осы компоненттердің сипаттамасын ұсынамыз.

Эмоционалды хабардарлық – адамның өзінің ішкі сезімдері мен эмоцияларын дәл әрі нақты тану қабілеті. Бұл компонент эмоционалды интеллекттің алғашқы және ең маңызды қадамы болып табылады, өйткені өз эмоцияларыңызды түсінбесеңіз, оларды басқару немесе өз әрекеттеріңізге әсерін бақылау қиын болады. Эмоционалды хабардарлықтың жоғары деңгейі бар адамдар өздерінің эмоционалдық күйін тез анықтайды және бұл күйдің оларды қалай әсер ететінін жақсы біледі. Бұл педагогтар үшін өте маңызды, себебі олардың эмоцияларын түсіну оқушылармен қарым-қатынасты жақсартуға көмектеседі және оқу процесінде туындауы мүмкін шиеленістерді оңай шешуге ықпал етеді.

Эмоцияларды басқару – адамның өз эмоцияларын тиімді бақылау және реттеу қабілеті. Бұл әсіресе стресстік жағдайларда немесе эмоциялар қайнап жатқан сәттерде маңызды. Эмоцияларды дұрыс басқара білу арқылы адам өз іс-әрекеттерін, қарым-қатынасын және шешімдерін саналы түрде бағыттай алады. Мұғалімдер үшін бұл компонент өте маңызды, себебі олар оқушылармен, ата-аналармен және әріптестермен жұмыс барысында жиі қиындықтарға тап болуы мүмкін. Эмоцияларды басқару қабілеті оларды сабырлы ұстап, әр түрлі қиындықтарды шешуге көмектеседі.

Өзін-өзі ынталандыру – адамның ұзақ мерзімді мақсаттарға жету үшін ішкі мотивациясын табу және өз эмоцияларын сол бағытта басқару қабілеті. Эмоционалды интеллекттің бұл компоненті жеке даму мен кәсіби жетістіктерге жетудің негізгі кілті болып табылады. Өзін-өзі ынталандыратын мұғалімдер өздерін үнемі жетілдіруге, оқыту процесін жақсартуға және оқушылардың табыстарына үлес қосуға талпынады. Сондай-ақ, олар қиындықтардан қорықпайды және кез келген жағдайларда оң нәтижелерге қол жеткізуге тырысады. Бұл компонент болашақ педагогтардың тиімділігін арттырады [15, 5 б].

Эмпатия – басқа адамдардың сезімдері мен эмоцияларын түсіну және соларға сезімталдық таныту қабілеті. Эмпатия эмоционалды интеллекттің орталық компоненті болып табылады, себебі ол басқалармен терең әрі шынайы қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Эмпатиялық қабілеттері бар мұғалімдер оқушылардың, ата-аналардың және әріптестерінің көңіл-күйін, сезімдерін жақсы түсінеді, сол арқылы сенімділік атмосферасын құра алады. Эмпатия мұғалімдерге әр түрлі оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделуге, олардың эмоцияларын ескеруге және әрбір оқушының дамуына қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Эмоционалды интеллекттің жоғарыда аталған компоненттері болашақ педагогтердің кәсіби өмірінде ғана емес, олардың жеке өмірінде де үлкен рөл атқарады. Эмоционалды хабардарлық, эмоцияларды басқару, өзін-өзі ынталандыру, эмпатия және басқа адамдардың эмоцияларын тану қабілеттері болашақ педагогтардың әлеуметтік қарым-қатынасын жақсартып, олардың стресске қарсы тұру қабілетін арттырады және оқушылармен өзара әрекетін тиімді етеді [16].



2 сурет – Н.Холл бойынша білім алушылардың эмоционалды интеллект деңгейі

Жүргізілген талдау болашақ педагогтердің эмоционалды интеллектінің жеткіліксіз деңгейде екенін көрсетті. ЭИ компоненттері кәсіби құзыреттіліктің негізгі аспектілерін қамтамасыз етеді, мысалы:

- оқу үдерісіндегі коммуникация сапасы;
- оқушының эмоционалды саулығын қолдау;
- конфликттерді шешу;
- кәсіби күйіп кетудің алдын алу.

ЭИ деңгейінің төмендігі болашақ педагогтердің кәсіби қызметінде стресс, эмоционалды тұрақсыздық, өзіне сенімсіздік сияқты қиындықтарға жиі тап болатынын көрсетеді.

Нәтижені талдау. Зерттеу барысында алынған деректерге сәйкес, қатысушылардың жартысынан көбі (53%) төмен эмоционалды интеллект деңгейін көрсеткен, ал жоғары деңгей тек 15,5%-ын ғана құраған. Орташа деңгей 29,3%-ды құраған.

Статистикалық өңдеу нәтижелері

1. Нормалдықты тексеру:

Шапиро–Уилк критерийі бойынша мәліметтер қалыпты үлестірімге жақын ($p > 0.05$), параметрлік талдауға қолдануға болады.

2. Сипаттамалық статистика:

Әр компонент үшін орташа мән (M), стандартты ауытқу (SD) есептелді. Ең төмен нәтиже «Эмоцияларды басқару» компонентінде (65,5%), бұл дағдының жеткіліксіз дамығанын көрсетті.

3. ANOVA нәтижесі:


Төмен, орта және жоғары ЭИ деңгейіндегі топтардың айырмашылықтары $p < 0.05$ деңгейінде статистикалық мәнді.

4. Корреляциялық талдау:

Эмпатия мен эмоцияларды басқару арасында позитивті орташа байланыс анықталды ($r \approx 0.46$). Бұл компоненттердің өзара бір-бірін толықтыратынын көрсетеді.

5. Эффект өлшемі:

EI төмен және жоғары топтары үшін Cohen's $d > 0.8$ – жоғары әсер strength.



3 сурет – Эмоционалды интеллекттің жекелеген компоненттерінің көрсеткіші

Эмоционалды интеллекттің жекелеген компоненттерін талдау барысында ең төмен көрсеткіш «Эмоцияларды басқару» шкаласына тиесілі болды – 65,5%. Сонымен қатар, «Басқа адамдардың эмоцияларын тану» (53,4%), «Өзін-өзі ынталандыру» (50%) және «Эмпатия» (48,3%) шкалалары бойынша да төмен нәтижелер басым болған.

Ең жоғары көрсеткіш «Эмоционалды хабардарлық» шкаласы 36,2% болды. Бұл деректердің негізінде респонденттердің көпшілігінде эмоцияларын басқару және тану, сондай-ақ басқа адамдардың эмоцияларымен жұмыс істеу дағдыларының жеткіліксіздігі анықталды. Эмпатия мен өзін-өзі ынталандыру қабілеттерінің төмен болуы олардың қарым-қатынасына және кәсіби өміріне теріс әсер ететіні байқалады.

Экспериментке қатысушылардың көбісі эмоционалды интеллекттің компоненттерін тереңірек зерттеуге, теориялық білім алып, практикалық дағдыларды меңгеруге қызығушылық білдірген. Бұл олардың қарым-қатынастағы күйзелісті, мазасыздықты және ашушаңдықты азайтуға көмектеседі деп сенім білдірді. Осыған байланысты біз болашақ педагогтардың эмоционалды интеллект деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар жүйесін әзірлеуге шешім қабылдадық.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері эмоционалды интеллекттің болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы маңызды рөлін айқын көрсетті. ЭИ деңгейінің төмендігі педагогикалық қызметтің тиімділігін төмендетеді, сондықтан ЭИ дамытуға бағытталған арнайы тренингтер, практикалық сабақтар және педагогикалық жағдайларды модельдеу әдістері оқу бағдарламасына енгізілуі қажет.

Эмоционалды интеллектті дамыту, әсіресе, бастауыш сынып мұғалімдері үшін аса маңызды. Мұғалімдер тек оқытушы ғана емес, сонымен қатар балалардың эмоционалды сауаттылығын қалыптастыратын тұлға болып табылады. Эмоционалды интеллекттің дамыған деңгейі оқушылармен сенімді қарым-қатынас орнатып, олардың оқу үдерісіне жағымды әсер етеді. Мұндай педагогтер сыныпта оң атмосфера қалыптастырып, балаларға қолдау көрсете алады.

Зерттеу барысында анықталған эмоционалды интеллекттің төмен көрсеткіштері болашақ мұғалімдерге арналған арнайы тренингтер мен оқыту бағдарламаларын әзірлеу қажеттілігін көрсетеді. Бұл бағдарламалар эмоционалды интеллекттің барлық компоненттерін дамытуға бағытталаып, болашақ педагогтардың кәсіби дайындық деңгейін арттыруға көмектеседі. Эмоционалды интеллектті дамытудың тиімді жолдары мұғалімдердің стресске төзімділігін арттырып, олардың жалпы әлауқатына оң әсер етеді.

Сонымен бірге зерттеу нәтижелері біздің перспективалық міндеттерімізді белгілеуге негіз болды. Алдағы зерттеулердің міндеттеріне төмендегілерді жатқыздық.

Эмоционалды интеллектті дамытуға бағытталған әдістемелерді әзірлеу: Болашақ педагогтар үшін эмоционалды интеллектті дамытатын арнайы тренингтер мен оқыту бағдарламаларын жасау және олардың тиімділігін бағалау.

Эмоционалды интеллекттің компоненттерін тереңірек зерттеу: эмоцияларды басқару, эмпатия және өзін-өзі ынталандыру дағдыларын қалыптастырудың тиімді тәсілдерін анықтап, олардың студенттердің кәсіби құзыреттіліктеріне әсерін зерттеу.

Педагогикалық ортада эмоционалды интеллекттің рөлін зерттеу: эмоционалды интеллект деңгейінің болашақ педагогтердің оқыту процесіне және студенттермен қарым-қатынасқа тигізетін әсерін зерттеп, бұл бағыттағы білім берудің маңыздылығын көрсету.

Бұл міндеттер эмоционалды интеллектті дамытудың кешенді тәсілін қамтамасыз етіп, болашақ мамандардың кәсіби және тұлғалық дамуына оң ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Савенков А.И. Развитие эмоционального интеллекта и социальной компетентности у детей [Текст]: монография / А.И. Савенков. – М.: НКЦ, 2015. – 128 с.

2 Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ [Текст] / Д.Гоулман // Пер.с англ. А.П.Исаевой. – Москва: МИФ, 2025. – 544 с.

3 Симонова Л.Б. Развитие эмоционального интеллекта будущего педагога // Психология образования в XXI веке: мат-лы Межд. науч.-практ. конф. – 2011 [Электронный ресурс]. – URL: <https://psyjournals.ru/nonserialpublications/education21/contents/54867> (дата обращения: 08.05.2025).

4 Beyazit U, Yurdakul Y, Ayhan A.B. The mediating role of trait emotional intelligence in the relationship between parental neglect and cognitive emotion regulation strategies [Text] / U. Beyazit, Y.Yurdakul, A.B. Ayhan // BMC Psychology 12. – 2024. – vol. 12. – article 314. <https://doi.org/10.1186/s40359-024-01817-3>.

5 Mayer J., Caruso D.R., Salovey P. The Ability Model of Emotional Intelligence: Principles and Updates [Text] / J. Mayer, D.R.Caruso, P. Salovey // Emotion Review. – 2016. – Vol. 8, No. 4. – P. 290–300 [doi/10.1177/1754073916639667](https://doi.org/10.1177/1754073916639667).

6 Гоулмен Д. Эмоциональное лидерство: искусство управления людьми на основе ЭИ [Текст] / Д. Гоулмен, Р. Бояцис, Э. Макки. пер. с англ. – М.: Альпина Бизнес Букс, 2015 – 301 с.

7 Bar-On R. Emotional Intelligence Inventory (EQ – i): Technical Manual. [Text] / Bar-On R. Toronto, Canada: Multi -Health Systems, 1997.

8 Аубәкір А.С., Нуркатова М.М. Эмоционалды интеллект пен әлеуметтік қызметкердің кәсіби үйлесімділігі арасындағы байланысты талдау [Мәтін] / А.С.Аубәкір, М.М.Нуркатова //ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және социология сериясы. – 2022. – №2 (81). – Б. 123-135. <https://doi.org/10.26577/JPsS.2022.v81.i2.013>.

9 Абдиалимова Г.А., Нұрадин Г.Б. Эмоционалды интеллект және оны оқу процесінде қалыптастыру қажеттілігі // Dulaty University Хабаршысы. – 2021. – №1. – Б. 78-89 [Электронды ресурсы]- URL: <https://journals.dulaty.kz/images/archive/dulaty/num1/78-89.pdf> (жүгінген күні: 08.05.2025).

10 Аширова Е.П., Денисова А.А. Развитие эмоционального интеллекта педагогов как фактор готовности к профессиональной деятельности// Проблемы современного педагогического образования. – 2018 – № 59-3. – С. 44-47. [Электронный ресурс]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitiye-emotsionalnogo-intellekta-pedagogov-kak-faktor-gotovnosti-k-professionalnoy-deyatelnosti/viewer> (дата обращения: 08.05.2025).

11 Zewude G.T., Mesfin Y., Sadouki F., Ayele A.G., Goraw S., Segon T., Hercz M. A serial mediation model of Big 5 personality traits, emotional intelligence, and psychological capital as predictors of teachers' professional well-being [Text] / G.T.Zewude, Y Mesfin, F.Sadouki , G.A.Ayele, S.Goraw, T.Segon, M.Hercz // Asta Psychologica. – 2024. <https://doi.org/10.1016/j.actpsy.2024.104500>.

12 Мынбаева А., Гумерова А. Развитие эмоционального интеллекта средствами арт-терапии // Вестник КазНУ. Серия "Педагогические науки". – 2017. – Т. 51. – № 2. – Б. 36-48 [Электронный ресурс]. – URL: <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/422/405> (дата обращения: 08.05.2025).

13 Садуова С.П., Толегенова А.А., Тоқсанбаева Н.Қ. Эмоционалды интеллект және көшбасшылық арасындағы байланыс [Мәтін] / С.П. Садуова, А.А. Толегенова, Н.Қ. Тоқсанбаева // ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы. 2011. – № 1(36). – Б.32-36.

14 Алексеева М.А. Развитие эмоционального интеллекта как основы профессиональных компетенций начинающих педагогов // Азимут научных исследований: Педагогика и психология. – 2021. – Т.10 №4(37) [Электронный ресурс]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitiye-emotsionalnogo-intellekta-kak-osnovy-professionalnyh-kompetentsiy-nachinayuschih-pedagogov/viewer> (дата обращения: 08.05.2025).

15 Ким А.М. Методологические вопросы психологического исследования эмоционального интеллекта, компетенций и стратегий преподавания в высшей школе [Текст] / А.М.Ким // Вестник ЕНУ, серия гуманитарных наук. – 2014. №3. – С. 89.

16 Зайцева А.В., Шуткова И.И. Возможности использования результатов исследований эмоционального интеллекта в педагогической практике // Известия ПГУ им. В.Г. Белинского. – 2008. – №11. [Электронный ресурс]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/vozmozhnosti-ispolzovaniya-rezultatov-issledovaniy-emotsionalnogo-intellekta-v-pedagogicheskoy-praktike/viewer> (дата обращения: 08.05.2025).

REFERENCES:

1 Savenkov A.I. Razvitie e'mocionalnogo intellekta i socialnoj kompetentnosti u detej [The development of emotional intelligence and social competence in children]. Moscow, NKC, 2015,128 p. (In Russian)

2 Goulman D. E'mocionalny'j intellekt. Pochemu on mozhet znachit' bol'she, chem IQ [Emotional intelligence. Why it can matter more than IQ]. Moscow, MIF, 2025, 544 p. (In Russian)

3 Simonova L.B. Razvitie e'mocionalnogo intellekta budushhego pedagoga [Development of emotional intelligence of the future teacher]. *Psihologiya obrazovaniya v XXI veke. Materialy' mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii*, 2011. Available at: <https://psyjournals.ru/nonserialpublications/education21/contents/54867> (accessed 08 May 2025). (In Russian)

4 Beyazit U., Yurdakul Y., Ayhan A.B. The mediating role of trait emotional intelligence in the relationship between parental neglect and cognitive emotion regulation strategies. *BMC Psychology* 12, 2024, art. 314. <https://doi.org/10.1186/s40359-024-01817-3>.

5 Mayer J., Caruso D.R., Salovey P. The ability model of emotional intelligence: principles and updates. *Emotion Review*. 2016, vol. 8, no. 4 pp. 290–300. <https://journals.sagepub.com/doi/10.1177/1754073916639667>.

6 Goulman D., Boyatzis R., McKee A. E'mocional'noe liderstvo, iskusstvo upravleniya lyud'mi na osnove EI [Primal leadership. Learning to lead with with emotional intelligence]. Moscow, Al'pina Biznes Buks, 2015, 301 p. (In Russian)

7 Bar-On R. Emotional Intelligence Inventory (EQ – i): Technical Manual. Toronto, Canada, Multi - Health Systems, 1997.

8 Aubakir A.S., Nurkatova M.M. Emosionaldy intellekt pen aleymettik kyzmetkerdin kasibi uilesimdiligi arasyndagy bailanysty talday [Analysis of the relationship between emotional intelligence and professional coherence of social workers]. *KazUU habarshysy. Psihologiya zhane sociologiya seriyasy*, 2022, no. 2 (81), pp.123-135. <https://doi.org/10.26577/JPsS.2022.v81.i2.013>. (In Kazakh)

9 Abdialimova G.A., Nuradin G.B. **Emosionaldyk intellekt zhane ony oku prosesinde kalyp-tastyry kazhattiligi** [Emotional intelligence and the need for its formation in the learning process]. *Dulaty University habarshysy*, 2021, no. 1, pp. 78-89. Available at: <https://journals.dulaty.kz/images/archive/dulaty/num1/78-89.pdf> (accessed 08 May 2025). (In Kazakh)

10 Ashirova E.P., Denisova A.A. **Razvitie e'mocional'nogo intellekta pedagogov kak faktor gotovnosti k professionalnoj deyatel'nosti** [Development of emotional intelligence of teachers as a factor of readiness for professional activity]. *Problemy' sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniya*, 2018, no. 59-3, pp. 44-47. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-emotsionalnogo-intellekta-pedagogov-kak-faktor-gotovnosti-k-professionalnoj-deyatelnosti/viewer> (accessed 08 May 2025). (In Russian)

11 Zewude G.T., Mesfin Y., Sadouki F., Ayele A.G., Goraw S., Segon T., Hercz M. **A serial mediation model of Big 5 personality traits, emotional intelligence, and psychological capital as predictors of teachers' professional well-being**. *Asta Psychologica*, 2024. <https://doi.org/10.1016/j.actpsy.2024.104500>.

12 Minbaeva A., Gumerova A. **Razvitie e'mocional'nogo intellekta sredstvami art-terapii** [Development of emotional intelligence through art therapy]. *Vestnik KazNU. Seriya "Pedagogicheskie nauki"*, 2017, vol. 51, no. 2, pp. 36-48. Available at: <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/422/405> (accessed 08 May 2025). (In Russian)

13 Saduova S.P., Tolegenova A.A., Toksanbaeva N.K. **Emocionaldy intellekt zhane koshbasshylyk arasyndagy bailanys** [The relationship between emotional intelligence and leadership]. *KazUU habarshysy. Psihologiya zhane sociologiya seriyasy*, 2011, no. 1(36), pp.32-36. (In Kazakh)

14 Alekseeva M.A. **Razvitie e'mocional'nogo intellekta kak osnovy' professionalny'h kompetencij nachinayushhih pedagogov** [Development of emotional intelligence as the basis of professional competence of beginning teachers]. *Azimut nauchny'h issledovaniy, Pedagogika i psihologiya*, 2021, vol.10, no. 4(37). Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-emotsionalnogo-intellekta-kak-osnovy-professionalnyh-kompetentsiy-nachinayushchiy-pedagogov/viewer> (accessed 08 May 2025). (In Russian)

15 Kim A.M. **Metodologicheskie voprosy' psihologicheskogo issledovaniya e'mocional'nogo intellekta, kompetencij i strategij prepodavaniya v vy'sshey shkole** [Methodological issues of psychological research of emotional intelligence, competencies and strategies of teaching in higher school]. *Vestnik ENU, seriya gumanitarny'h nauk*, 2014, no. 3, 89 p. (In Russian)

16 Zajceva A.V., Shutkova I.I. **Vozmozhnosti ispol'zovaniya rezul'tatov issledovaniy e'mocional'nogo intellekta v pedagogicheskoy praktike** [Possibilities of using the results of research on emotional intelligence in pedagogical practice]. *Izvestiya PGU im. V.G. Belinskogo*, 2008, no. 11. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/vozmozhnosti-ispolzovaniya-rezultatov-issledovaniy-emotsionalnogo-intellekta-v-pedagogicheskoy-praktike/viewer> (accessed 08 May 2025). (In Russian)

Авторлар туралы мәліметтер:

Байболова Динара Тұрмағанбетқызы* – докторант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы, 120000, Қызылорда қ., Төле би көш. 36, тел.: +77764883899, e-mail: Din9090@mail.ru.

Бекжанова Бахытжамал Жорабекқызы – PhD, педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі білім беру бағдарламасының жетекшісі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы, 120000, Қызылорда қ., Төле би көш. 36, тел.: +77075316051, e-mail: Bekzhanova77@mail.ru.

Сапарқызы Жаннат – PhD, педагогика және дәстүрлі өнер институты директорының орынбасары, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы, 120000, Қызылорда қ., Төле би көш. 36, тел.: +77783239796, e-mail: zhansap@korkyt.kz.

Айдналиева Назгуль Аманжоловна – педагогика ғылымдарының кандидаты, мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының профессор ассистенті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110000 Қостанай қ., Байтұрсынов көш. 47, тел.: +77053031383, e-mail: nazgul_8972@mail.ru.

Байболова Динара Тұрмағанбетқызы* – докторант, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан, 120000, г.Кызылорда, ул. Толе би 36, тел.: +77764883899, e-mail: Din9090@mail.ru.

Бекжанова Бахытжамал Жорабекқызы – PhD, руководитель образовательной программы «Педагогика, психология и методика начального обучения», Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан, 120000, г.Кызылорда, ул. Толе би 36, тел.: +77075316051, e-mail: Bekzhanova77@mail.ru.

Сапарқызы Жаннат – PhD, заместитель директора института педагогики и традиционного искусства, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан, 120000, г.Кызылорда, ул. Толе би 36, тел.: +77783239796, e-mail: zhansap@korkyt.kz.

Айдналиева Назгуль Аманжоловна – кандидат педагогических наук, ассистент профессора кафедры дошкольного и начального образования, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Республика Казахстан, 110000 г. Костанай, ул. Байтұрсынова 47, тел.: +77053031383, e-mail: nazgul_8972@mail.ru.

Baibolova Dinara Turmaganbetkyzy – PhD student, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan, 120000, Kyzylorda, 36 Tole bi Str., tel.: +77764883899, e-mail: Din9090@mail.ru.*

Bekzhanova Bakhytzhama Zhorabekkyzy – PhD, Head of the “Pedagogy, psychology and methods of primary education” educational program, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan, 120000, Kyzylorda, 36 Tole bi Str., tel.: +77075316051, e-mail: Bekzhanova77@mail.ru.

Saparkyzy Zhannat – PhD, Deputy Director of the Institute of Pedagogy and Traditional Arts, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan, 120000, Kyzylorda, 36 Tole bi Str., tel.: +77783239796, e-mail: zhansap@korkyt.kz.

Aidnalyeva Nazgul Amanzholovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Assistant Professor of the Department of preschool and primary education, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 47 Baitursynov Str., tel.: +77053031383, e-mail: nazgul_8972@mail.ru.

XFTAP 14.35.07

ӨОЖ 37.016:94

<https://doi.org/10.52269/NTDG254265>

ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗДЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Исиргепов Д.Б. – педагогика ғылымдары магистрі, мұғалім-сарапшы, Назарбаев Зияткерлік мектептері, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Бұл мақалада тарихты оқытудағы негізгі әдістемелік бағыттардың бірі ретінде тарихи дереккөздерді тиімді пайдалану мәселесі қарастырылады. Автор оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруда түпдеректермен жұмыс істеудің маңыздылығына ерекше назар аударады. Тарихи дереккөздер тек өткенді сипаттайтын ақпарат көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар оқушыларды сыни тұрғыдан ойлануға, ақпаратты талдап, жүйелеуге, түрлі көзқарастарды салыстыруға және тарихи контексте себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға үйрететін әмбебап құрал ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында тарихи деректерді оқу үдерісіне кіріктірудің әдіс-тәсілдері мен тиімді педагогикалық модельдері талданады. Атап айтқанда, мұғалімнің бағыттаушы рөлі, дереккөздермен жұмыс кезеңдері (сұрақ қою, талдау, интерпретация, қорытынды жасау) және оқушылардың дербес зерттеуін ұйымдастыру жолдары сипатталады. Сонымен қатар, тарихи материалдарды пайдаланудың оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға және тарихи білімнің тереңдігі мен деректілігін қамтамасыз етуге ықпалы көрсетіледі. Мақалада тарихи дереккөздермен жұмыс жасаудың заманауи білім беру жүйесіндегі зерттеуге негізделген оқыту тұжырымдамасымен өзара байланысы да айқындалады. Нәтижесінде, дереккөздерді қолдану оқушылардың зерттеушілік мәдениетін, тарихи ойлау мен рефлексия дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді әдіс ретінде бағаланады.

Түйінді сөздер: тарихи дереккөз, тарихи құжат, зерттеу дағдысы, эссе, сыни талдау.

РАЗВИТИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ИСТОЧНИКОВ

Исиргепов Д.Б. – магистр педагогических наук, учитель-эксперт, Назарбаев Интеллектуальные школы, г. Костанай, Республика Казахстан.

В статье рассматривается эффективное использование исторических источников как одного из ключевых методических направлений в преподавании истории. Автор уделяет особое внимание значимости работы с первоисточниками в формировании исследовательских навыков учащихся. Исторические источники рассматриваются не только как средство описания прошлого, но и как универсальный инструмент, обучающий критически мыслить, анализировать и систематизировать информацию, сравнивать различные точки зрения и выявлять причинно-следственные связи в историческом контексте. В исследовании проанализированы методы и эффективные педагогические модели интеграции исторических данных в учебный процесс. В частности, описана направляющая роль учителя, этапы работы с источниками (постановка вопросов, анализ,